

Тақырыбы:

Түрлі елдердегі құқықтық
жүйелерінің еріктілік қызметін
реттеудің нысандары мен әдістері

Орындаған: Өтегенова Л.



Жоспар:

1.Әр түрлі елдердегі еріктілер жұмысы.

2.Әр түрлі елдерде еріктілер қызметін ұйымдастыру

Қоғамда қандай жұмыстар жасалмасын, қандай іс-шаралар өткізілмесін, оларды ұйымдастырушы, жүзеге асырушы қарапайым ғана адамдар. Бірінші кезекте, қоршаған орта мен қоғамға жаңа игі өзгерістер әкелуді қалайтындар, өздерінің сол ортаның мүшесі екендігін сезіне отырып жақсылық жасаушылар. Сонымен қатар жасаған жақсылығы мен атқарған жұмысы үшін ақы сұрамайтын жандар.


Бүгінде бұл еріктілік белгілі бір деңгейде бірізділікке салынып, жұмысы ұйымдастырылған түрде ретке қойылған. Мұндай ұйымдар әлемнің көптеген елдерінде өздерінің жұмыстарын жасап келеді. Мысалы, Қызыл крест, Қызыл жарты ай, Біріккен Ұлттар Ұйымының волонтерлық бөлімдері, Еуро Одақтың волонтерлық бөлімдері, түрлі мемлекеттік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер.

Волонтерлық жұмыс түрлі бағытта атқарылады. Ол қарапайым мерекелік іс-шаралардың ұйымдастырылуынан бастап, табиғи апаттардың зардаптарын жою, электронды қызметтер, ағарту жұмыстары, аштықты, кедейлікті жоюға арналған халықаралық бағдарламалардың мүшесі болу, медициналық көмек көрсету және тағы басқалары болып табылады. Өткен күннің есебіне сүйенсек, 1987 жылы әлемде 80 млн, 1995 жылы - 95 млн, 1998 жылы – 109 млн ерікті тіркелген. Қазіргі күні бұл көрсеткіштің бірнеше өскендігі анық. Сонымен қатар кей елдерде волонтерлық сағаттарға қолдау беріледі. Мысалы, АҚШ-та жұмыскерлер өз мүмкіндіктерінше еріктілік қызметке айына белгілі бір деңгейде уақыт бөлінуін жұмыс берушілер қолдап отырады. Әлемнің түрлі мемлекеттеріндегі халықтың волонтерлық жұмыстарға қатысу пайыздық мөлшерін байқасақ болады: Францияда халықтың 19% өмірінде бір рет болсын, ерікті болып көрген. Германия халқының 1/3-і не 34% айына 15 сағаттарын ерікті болуға арнайды екен. Ирландия азаматтарының 33%, АҚШ-та 27% және Ресейде 8% пайыз халық еріктілікпен айналысады екен.

Қазақстанда келесідей ұйымдар еріктілер жұмыстарын ұйымдастыруымен айналысады: «SOS командасы», «Добровольное Общество Милосердия», БФ «Дара», Айналайын, «Бота» қоғамдық қоры. Сонымен қатар, ЖОО қабырғаларында құрылған түрлі еріктілер ұйымдары бар. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Көмек» еріктілер қозғалысы 2010 жылдан бері жұмыс атқарып келеді. Ал Алматы энергетика және байланыс университетінде 'Children charity club' бірнеше жылдан бері еріктілік жұмыс атқаруда. Сонымен қатар Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университеті, Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық политехникалық университеті, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті мен Сүлеймен Демирел Университеттерінде де ерікті студенттік ұйымдар жұмыс атқарады. Кей оқу орындарындағы ұйымдар өз бастауларын енді алып, әлі де тәжірибе жинау үстінде болса, бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан еріктілер қозғалыстары мен клубтар нәтижелі еңбек етіп келеді. Мысалы, АЭЖБУ 8 жылдың көлемінде №8 сегізінші балалар үйімен тұрақты түрде жұмыс жасап келеді.

БҰҰ еріктілер бағдарламасы (UNV) Еріктілік – даму қарқынын жылдамдата және оның мазмұнын өзгерте алатын даму мәселелерін шешудегі адамдарды тартудың күшті құралы болып табылады.

UNV бағдарламасы әлемнің 130-дан астам елінде еріктілік арқылы даму нәтижелерін көрсетеді. UNV бағдарламасының салыстырмалы артықшылығы ол өзіне қоғамдастықтың және азаматтық белсенділіктің волонтерлік акцияларын, азаматтық қоғаммен тығыз ынтымақтастықты, сондай-ақ БҰҰ агенттіктері мен үкіметтер бастама жасаған волонтерлермен ынтымақтастықты қамтитын еріктілік арқылы трансформациялық өзгерістерді енгізу үшін тәжірибе мен білімді ұсыну мүмкіндігіне негізделген.



Қазақстанда UNV бағдарламасы 1993 жылы басталды және негізгі екпін жергілікті тұрғындардың әлеуетін арттыруға ықпал ету арқылы тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталған. UNV бағдарламасының сексеннен астам халықаралық еріктілері 1993 жылдан бастап Қазақстанда жұмыс істеді және UNV бағдарламасының елуден астам ұлттық еріктілері 1999 жылы қаңтарда UNV бағдарламасының ұлттық сұлбасын қабылдаудан бастап жұмыс істей бастады.

БҰҰ халықаралық және ұлттық еріктілері
Үкіметтік емес ұйымдарды, шағын және орта
бизнесті дамыту, микрокредиттеу, қоршаған
ортаны қорғау, білім, ауыл шаруашылығы,
алғашқы медициналық көмекті үйлестіру, ауыз су
және таза су салаларын қоса алғанда, бірнеше
кәсіби салаларда жұмыс істеді. Жобалау
менеджерлері, адам құқықтары жөніндегі
мамандар, бағдарламашылар, қаржы мәселелері
және басқару жөніндегі мамандар, сондай-ақ,
еріктілікті дамыту мәселелері бойынша мамандар
да шақырылды. Бұдан басқа, UNV бағдарламалары
жергілікті мамандарды БҰҰ еріктілері ретінде
шетелге жібереді, онда олар халықаралық
тәжірибені алады және өз білімдерімен бөлісе
алады.

